

Э. НАРБАЕВА¹✉, А. АМАНҒАЗЫЕВА¹, А. ГУБАРЕНКО¹

¹Халықаралық туризм және меймандостық университеті

(Қазақстан, Түркістан), e-mail: e.narbaeva@iuth.edu.kz

ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ ТУРИЗМ АЯСЫНДАҒЫ ЖАҢА БАҒЫТ - «ҰЛЫ ҚОЛБАСШЫНЫҢ ЖОЛЫМЕН: ӘМІР ТЕМІР МҰРАСЫ» АТТЫ ЭКСКУРСИЯЛЫҚ ТУР

Аңдатпа. Мақалада авторлар Қазақстан Республикасындағы трансшекаралық туризмді дамыту мәселелерін Түркістан қаласы мысалында қарастырды. Қаланың туристік әлеуеті, ішкі және халықаралық туристер үшін қызығушылық тудыратын негізгі туристік-экскурсиялық нысандар талданған. Зерттеу барысында Түркістан қаласының қазіргі туристік инфрақұрылымы зерттеліп, трансшекаралық туризмді дамытудың перспективалық бағыттары анықталған. Мақалада трансшекаралық туризм саласындағы негізгі мәселелер көрсетіліп, оларды қаланың қолда бар туристік әлеуетін оңтайландыру арқылы шешу жолдары ұсынылған. Авторлар халықаралық трансшекаралық туризм тәжірибесін талдау негізінде қаланы трансшекаралық туристік орталыққа айналдыруға арналған стратегиялық жоспар ұсынылды. Халықаралық тәжірибені негізге ала отырып, Түркістан қаласының тарихи-мәдени ерекшеліктерін, оның ішінде Әмір Темір мұрасының екі елге маңыздылығы қарастырылды. Зерттеу нәтижелері аймақтық туризм саласын дамыту бағдарламаларын құру және жетілдіру, сондай-ақ Түркістан қаласының туристік брендін қалыптастыру үшін практикалық маңызға ие. Зерттеу барысында авторлар ғылыми жұмыстың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес кешенді теориялық және эмпирикалық әдістерді қолданды.

Кілт сөздер: трансшекаралық туризм, Түркістан, туристік инфрақұрылым, мәдени мұра, жібек жолы, халықаралық туризм, тұрақты даму

Кіріспе

Қазақстан Республикасында туризмді дамыту қазіргі таңда туристік индустрияның барлық бағыттары мен түрлерін жүйелі түрде өркендетуге бағытталған. Өз жолдауларында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев туризмді дамытудың маңыздылығын бірнеше рет атап өткен болатын: «Экономикалық өсудің жаңа нүктесіне туризм айналуы тиіс. Бұл салада біз артта қалып келеміз, нәтижелер көңіл

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:** Нарбаева Э., Аманғазыева А., Губаренко А. Трансшекаралық туризм аясындағы жаңа бағыт - «Ұлы қолбасшының жолымен: Әмір Темір мұрасы» атты экскурсиялық тур – 2025. – No2(8). – б. 272–287. <https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2025-2.19>

***Cite us correctly:** Narbaeva E., Amangazyeva A., Gubarenko A. Transshekaralyk turizm ayasyndagy zhana bagyt - «Uly kolbasshynyn zholymen: Amir Temir murasy» atty ekskursiyalyk tur [A new route in the framework of cross - border tourism-a sightseeing tour "along the path of the Great Commander: The Heritage of Amir Temir] – 2025. – No2(8). – b. 272–287. <https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2025-2.19>

көншітпейді. Елдің әрбір өңірінде туристерді тартатын нысандар бар» Осылайша, туризмнің барлық түрлерін дамыту – халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті, экономикалық тұрғыдан тиімді және болашағы бар бағыттарды қалыптастыруға ықпал етеді [1].

Тарих өзінің табиғаты бойынша нақты шекараларға бағынбайды, ол белгілі бір тарихи кезеңдерде өзара байланыста болған түрлі елдер мен халықтардың ортақ мұрасын қамтиды. Осыған байланысты, болашақта түркі әлемінің рухани орталығына айналуға мақсат етіп отырған Түркістан қаласы тек Қазақстанның ғана емес, сонымен қатар бізге географиялық жағынан жақын орналасқан өзге елдердің де тарихын қамтиды. Сол себепті, тек елімізді ғана емес, көршілес мемлекеттерді де қамтитын туристік өнімдер мен ұсыныстарды әзірлеу – туристік ағынның тұрақты өсуіне серпін бермек.

Түркістан қаласы - Қазақстанның оңтүстігіндегі ең маңызды тарихи және мәдени орталықтардың бірі. Қаланың 1500 жылдан астам тарихы бар және ол Ұлы Жібек жолының маңызды бекеті болған. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі 2003 жылы ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұра тізіміне енгізілген, бұл қаланың халықаралық маңызын айқындайды.

Соңғы жылдары Түркістан қаласы айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. 2018 жылы Түркістан облысының әкімшілік орталығы болып жарияланғаннан кейін, қалада ауқымды құрылыс жұмыстары басталды. Халықаралық әуежай, заманауи қонақ үйлер, көлік инфрақұрылымы салынды. Бұл өзгерістер қаланың туристік әлеуетін арттырып, оны туризм орталығына айналдыру мүмкіндігін ұсынады.

Түркістан – Ұлы Жібек жолының маңызды нүктелерінің бірі. Соңғы жылдары қалаға туристік қызығушылық артып, инфрақұрылым дамып келеді. Алайда, толыққанды туризмнен бөлек, трансшекаралық туризмді дамыту аймақ үшін ерекше маңызға ие. Трансшекаралық туризм – шекаралас елдерден келетін туристердің белгілі бір елге немесе қалаға арнайы мақсатпен келіп, мәдени, тарихи және табиғи нысандарды тамашалауына негізделген туризм түрі. Түркістан үшін бұл бағытты дамытудың бірнеше негізгі себептері бар: өңірдің тарихи маңыздылығы, көршілес елдермен ортақ мәдени мұра, және шекарааралық туристік маршруттар құруға қолайлы географиялық орналасуы [2].

Түркістан стратегиялық тұрғыдан тиімді аймақта орналасқан. Қазақстанның оңтүстігінде Өзбекстанмен шекаралас аймаққа жақын орналасуы туристердің, әсіресе, Орталық Азия елдерінен келетін жолаушылардың трансшекаралық сапарларын қызықты етуге мүмкіндік береді. Түркістан халықаралық әуежайы арқылы көптеген елдермен байланысып отыр. Сонымен қатар, теміржол және автомобиль жолдарының жақсаруы қаланы туристер үшін қолжетімді етеді. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі ЮНЕСКО-ның мәдени мұралар тізіміне енген, бұл өз кезегінде әлемнің түкпір-түкпірінен туристерді тартуға ықпал етеді. Қалада сонымен қатар тарихи орындар, кесенелер мен заманауи демалыс орындары да жетерлік.

Трансшекаралық туризм қала экономикасына оң әсер етеді. Қысқа уақытқа келген туристер қонақүйлерде тоқтайды, мейрамханалар мен дүкендерге барады, экскурсиялық қызметтерді пайдаланады. Бұл жергілікті кәсіпкерлер үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Трансшекаралық туристер үшін екі немесе одан көп елдердің арасындағы қысқа турлар өте қолайлы. Мысалы, әуежайда бірнеше сағат күтіп отырған жолаушылар үшін қаланың басты көрікті жерлеріне экспресс-турлар ұйымдастыру үлкен сұранысқа ие болуы мүмкін.

Трансшекаралық туризмді дамыту үшін бастысы инфрақұрылымды жетілдіру қажет – әуежай, вокзал және туристік нысандар арасындағы тасымалды жеңілдету. Экспресс-турлар

жүйесін дамыту – әуежайдан немесе вокзалдан туристерді тасымалдау қызметін ұйымдастыру. Жарнама мен маркетинг – әлемдік авиакомпаниялармен, туристік агенттіктермен серіктестік орнатып, Түркістанды трансшекаралық туризмдегі қолайлы бағыт ретінде насихаттау. Қызмет көрсету сапасын арттыру – қысқа уақытқа келген туристерге ыңғайлы әрі сапалы қызмет көрсету маңызды.

Түркістанды трансшекаралық туризмдегі қолайлы бағыт ретінде дамыту – қаланың экономикалық, мәдени және туристік әлеуетін арттыруға үлкен мүмкіндік береді. Қала арқылы өтетін жолаушыларды қызықтыру арқылы Түркістан тек Қазақстанның ғана емес, бүкіл Орталық Азияның маңызды туристік орталығына айнала алады [3].

Трансшекаралық туризм – қазіргі туризм саласындағы өзекті және қарқынды дамып келе жатқан бағыттардың бірі. Бұл құбылыс теориялық және практикалық тұрғыда түрлі ғылыми еңбектерде жан-жақты зерделенуде. «Трансшекаралық туризм» ұғымы бастапқыда халықаралық ынтымақтастық пен шекаралас аймақтар арасындағы өзара қатынастарды сипаттауда қолданылған, кейіннен туризм саласына сәтті енгізілді. «Трансшекаралық» сөзі шекарадан өту, көршілес елдер арасындағы қозғалыс пен өзара мәдени алмасуды білдіреді және ол XX ғасырдың екінші жартысынан бастап туризм теориясы мен тәжірибесінде кеңінен қолданыла бастады [4].

Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында авторлар ғылыми жұмыстың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес кешенді теориялық және эмпирикалық әдістерді қолданды. Теориялық әдістерге зерттеу тақырыбына байланысты отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерді, нормативтік-құқықтық актілерді, мемлекеттік бағдарламалар мен стратегиялық құжаттарды жинақтау, жүйелеу және салыстырмалы талдау жүргізу жатады. Сонымен қатар, «трансшекаралық туризм» ұғымының ғылыми негіздемесі жасалып, осы саладағы заманауи үрдістер мен даму бағыттары анықталды. Түркістан қаласының тарихи-мәдени, әлеуметтік және экономикалық жағдайларын сипаттайтын ғылыми көзқарастар мен тұжырымдар сараланды.

Эмпирикалық әдістер шеңберінде нақты мәліметтерді жинау мен талдауға баса назар аударылды. Түркістан қаласы мен Өзбекстанның туристік маңызды қалаларына далалық зерттеу сапарлары ұйымдастырылып, тарихи-мәдени нысандардың жағдайы мен инфрақұрылымы фотофиксация әдісі арқылы құжатталды. Зерттеу аясында сапалық талдау және жартылай құрылымдалған сұхбат әдістері қолданылды. Сұхбаттар 2024 жылдың ақпан айында (Ташкент қ.) өткен Өзбекстан гидтерінің VII форумында трансшекаралық туризмнің болашағы талқыланған кезде бейресми жағдайда жүргізілді. Сауалнамаға халықаралық бағыттармен айналысатын кәсіби гидтер мен туристік компаниялардың өкілдері қатысты.

Сұхбат нәтижесінде келесі тұжырымдар анықталды:

- Туристердің көршілес елдердегі (Қазақстан, Өзбекстан) мәдени-тарихи нысандарға деген қызығушылығы жоғары;
- Гидтер мен туроператорлар Ұлы Жібек жолы мен Әмір Темір мұрасы тақырыптары бойынша бірлескен маршруттар әзірлеуге дайын екендіктерін білдірді;
- Трансшекаралық турларды тиімді іске қосу үшін институционалдық қолдаудың (мысалы, визалық режимді жеңілдету және логистика мәселелері) қажеттілігі атап өтілді.

Осылайша, сараптамалық сұхбаттар нәтижесінде Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы трансшекаралық мәдени туризм саласындағы ынтымақтастықты кеңейтуге айтарлықтай әлеует бар деген қорытынды жасауға болады.

Ғылыми әдебиеттерде трансшекаралық туризм мәселесі бірнеше ғалымдардың зерттеу нысанына айналған. Олардың қатарында А. Сергеева, А. Абдуллина, Ш. Равшанов, Д. Хурсанов, Е. Голышева, J.A.Wendt сияқты зерттеушілерді атап өтуге болады.

Сергеева А., А.Абдуллина (2022) *Sustainability* журналында Қазақстан мен Өзбекстанның шекаралас өңірлерінің әлеуетін кешенді зерттеу жүргізіп, трансшекаралық туризмнің инфрақұрылымы мен мүмкіндіктерін егжей-тегжейлі талдады [5].

J. A. Wendt (2020) *GeoJournal of Tourism and Geosites*-те қазақстандық туризмді зерттеу бағыттарын талдап, трансшекаралық аспектілерді де қозғайды [6].

Ш. Равшанов, Д. Хурсанов эко-туризм аймақтарын теориялық және қолданбалы талдаумен Өзбекстандағы (Сурхандария аймағы) трансшекаралық экотуризмді зерттеген [7].

Е. Голышева туризм және жұмыспен қамту тақырыбында зерттеу жүргізген автор, ол халықаралық және трансшекаралық жұмыспен қамтуды зерттеу жүргізген (бұл зерттеу Өзбекстанның Туризм комитеті аясында жүзеге асырылған). [8].

Б. Алдыбаев, А. Губаренко, Т.Имангулова, С.Усубалиева, М. Абдикаримова өз еңбектерінде Қазақстандағы мәдени-тарихи мұра нысандарының этномәдени туризмді дамытудағы маңызы талданады. Оңтүстік Қазақстан өңірінде студенттер мен туризм мамандары арасында сауалнама жүргізіп, ЮНЕСКО нысандарына қызығушылық жоғары екенін анықтаған. «Түркістан – Ғасырлар жаңғырығы» атты 2–3 күндік экскурсиялық-оқыту маршруты әзірленген. Мақалада мәдени мұраны ішкі және кірме туризмді дамыту құралы ретінде тиімді пайдалану жолдары ұсынылған. Сарапшылар ұлттық туристік бренд пен ұлтаралық келісімді нығайтуда мәдени мұраның рөлі зор екенін көрсетеді [9].

Осылайша, трансшекаралық туризм қазіргі таңда ғылыми және практикалық қызығушылық тудыратын бағыттардың бірі ретінде қарастырылып, оның маңыздылығы мен даму әлеуеті көптеген зерттеулермен расталған.

Сондай-ақ, статистикалық әдістер арқылы туристік ағындар мен инфрақұрылымның даму деңгейіне талдау жасалды. Географиялық, әлеуметтік-экономикалық және тарихи-мәдени факторлар кешенді түрде қарастырылып, Түркістанның трансшекаралық туризмді дамытуға қолайлы орталығы ретіндегі әлеуеті мен шекаралас мемлекеттермен ықпалдастық мүмкіндіктері зерттелді.

Негізгі бөлім

Трансшекаралық туризм әлемдік туризм индустриясында маңызды рөл атқарады. Біріншіден, экономикалық пайда әкеледі. Трансшекаралық туристер қонақ үйлерде тоқтайды, мейрамханаларда тамақтанады, көлік қызметтерін пайдаланады, бұл жергілікті экономикаға қосымша кіріс әкеледі. Екіншіден, туристік ағындарды көбейтеді. Трансшекаралық маршруттар арқылы өтетін туристер санының артуы елдің немесе қаланың туристік беделін көтереді. Үшіншіден, мәдени алмасуды ынталандырады, қысқа мерзімді аялдамалар барысында туристер жергілікті мәдениетпен танысып, өз мәдениетін бөліседі, бұл мәдени алмасуға ықпал етеді [10].

Трансшекаралық туризмнің қарқынды және сәтті дамыған елдері: Канада мен АҚШ-тың (Тынық мұхитының солтүстік-батыс аймағы) тәжірибесі туристердің тұрақты жоғары трансшекаралық ағынын және қызметтер мен маркетинг саласындағы дамыған ынтымақтастықты көрсетеді. Классикалық мысал-Вьетнам мен Қытай шекарасы: жеңілдетілген визалық режимдері бар экономикалық аймақтар маршруттардың, шопингтің

және мәдени туризмнің бірлескен дамуын ынталандырады. Еуропалық кеңістікте, Франция мен Испанияның түйіскен жерінде жалпы туристік өнімді құрайтын ұлттық саябақтардың сәтті серіктестігі бар. Осылайша, трансшекаралық туризм әлемдік туризм индустриясында маңызды орын алып, елдердің экономикасына, мәдениетіне және халықаралық байланыстарына оң әсерін тигізеді [11].

Түркістан қаласы – қазақ халқының рухани астанасы, тарихи және мәдени мұраның қайнар көзі. Қалада Қожа Ахмет Ясауи кесенесі орналасқан, ол ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енген және мұсылман әлемінде ерекше орын алады. Сонымен қатар, Түркістанда қазақ хандары мен билерінің, батырларының жерленген жерлері бар, бұл оны ұлттық тарих пен мәдениеттің маңызды орталығына айналдырады.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі: Ортағасырлық сәулет өнерінің інжу-маржаны, мұсылман әлемінің маңызды зиярат ету орны. «Әзірет Сұлтан» тарихи-мәдени қорық-мұражайы: Кесене мен оған қатысты тарихи нысандарды қамтиды. Сауран қалашығы: Ортағасырлық қала орны, археологиялық зерттеулер мен уристік экскурсиялар үшін тартымды [12].

Соңғы жылдары Түркістанда туристік инфрақұрылым айтарлықтай дамыды. Жаңа қонақүйлер, мейрамханалар, көлік жолдары мен әуежай салынды. Қалада заманауи қонақ үйлер мен мейрамханалар туристерге қызмет көрсетеді. Сонымен қатар, қаладағы инфрақұрылымды жақсарту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Түркістанда континенттік климат басым, жазы ыстық және құрғақ, қысы жұмсақ. Бұл климаттық жағдайлар жыл бойы туристік сапарлар үшін қолайлы. 2024 жылы Түркістан қаласына келуші зияратшылар мен туристердің саны 1,1 миллион адамға жетті, оның ішінде шетелдік туристер саны 23,2 мың адамды құрады. Бұл көрсеткіш алдыңғы жылмен салыстырғанда 90,1 пайызға жоғары. Соңғы жылдары Түркістан қарқынды дамып, туристік орталыққа айналууда. Қаланың тарихи-мәдени мұрасы, жаңа инфрақұрылымдық нысандардың салынуы және мемлекеттік қолдау шаралары оның туристік әлеуетін арттыруда. Алайда, туристік қызмет көрсету сапасын арттыру, халықаралық деңгейде танымал ету және тұрақты туристік ағынды қамтамасыз ету үшін әлі де жұмыстар қажет [13].

Жаңа жобалардың бірі «Жібек жолы» туристік пойызы Қазақстанда ішкі және халықаралық туризмді дамыту мақсатында 2024 жылдың 16 қарашасында «Жібек жолы» атты жаңа туристік пойыздың алғашқы сапары ұйымдастырылды. Бұл пойыз «Алматы–Түркістан–Ташкент–Алматы» бағыты бойынша 5 күндік турлар өткізуге бағытталған. Жобаның басты мақсаты – Қазақстан мен Өзбекстанның тарихи және мәдени мұраларын таныстыру, сондай-ақ аймақтың туристік әлеуетін арттыру. Пойыздың алғашқы сапары «Жібек жолы» туристік пойызының алғашқы рейсі 2024 жылдың 16 қарашасында жолға шықты. Бұл сапарға 115 жолаушы қатысты. Бағыт бойынша пойыз Алматыдан шығып, Түркістан қаласына, содан кейін Өзбекстан астанасы Ташкентке тоқтады.

2025 жылдың 2 қаңтарында бағыт кеңейіп «Жібек жолы» туристік пойызының екінші рейсі ұйымдастырылды. Бұл жолы бағдарға қосымша Шымкент пен Самарқанд қалалары енгізілді. 2-7 қаңтар аралығында өткен бұл турға 100-ден астам жолаушы қатысты. Сапар барысында жолаушылар Қазақстан мен Өзбекстанның маңызды тарихи және мәдени орындарын аралады [14].

Түркістанның географиялық орналасуы оны трансшекаралық туризм үшін тартымды етеді. Қала Ұлы Жібек жолының бойында, Еуропа мен Азияны байланыстыратын маңызды көлік дәліздерінің қиылысында орналасқан. Бұл трансшекаралық туристерді тартуға үлкен

мүмкіндік береді. Қазіргі таңдағы Түркістан қаласының әуежайынан орындалатын рейстер төменгі 1-кестеде көрсетілген [15].

1-Кесте - Түркістан халықаралық әуежайынан ұшатын рейстер кестесі

Бағыт	Әуекомпания	Ұшу күндері	Ұшу уақыты
Түркістан – Астана	Air Astana	Күнделікті	08:00; 09:30
Астана – Түркістан	Air Astana	Күнделікті	18:00; 19:30
Түркістан – Алматы	FlyArystan	Күнделікті	11:00; 12:30
Алматы – Түркістан	FlyArystan	Күнделікті	15:00; 16:30
Қостанай – Түркістан	SCAT Airlines	Дүйсенбі, Сенбі	15:00; 17:20
Түркістан – Қостанай	SCAT Airlines	Дүйсенбі, Сенбі	18:20; 20:40
Түркістан – Ақтау	SCAT Airlines	Дүйсенбі, Сәрсенбі, Жұма	14:00; 16:30
Ақтау – Түркістан	SCAT Airlines	Дүйсенбі, Сәрсенбі, Жұма	10:30; 13:00
Түркістан – Ақтөбе	SCAT Airlines	Сейсенбі, Бейсенбі	09:30; 11:30
Ақтөбе – Түркістан	SCAT Airlines	Сейсенбі, Бейсенбі	13:00; 15:30
Түркістан – Орал	SCAT Airlines	Сенбі	06:00; 08:30
Орал – Түркістан	SCAT Airlines	Сенбі	10:00; 12:30
Түркістан – Самарқанд	QAZAQ AIR	Жұма, Жексенбі	20:20
Самарқанд – Түркістан	QAZAQ AIR	Жұма, Жексенбі	22:10
Түркістан – Абу-Даби	Wizz Air Abu Dhabi	Сейсенбі, Бейсенбі, Сенбі	10:00
Түркістан – Ыстанбул	Turkish Airlines	Дүйсенбі, Бейсенбі, Сенбі	07:00
Ыстанбул – Түркістан	Turkish Airlines	Дүйсенбі, Бейсенбі, Сенбі	22:00

Ескерту – [15] Мәлімет Түркістан қаласының әуежайының ресми парақшасынан алынған

Траншекаралық туристердің негізгі мақсатты топтары: Шетелдік саяхатшылар: Еуропа мен Азия арасында сапарлайтын туристер үшін Түркістан қолайлы аялдама болып табылады. Қаланың тарихи және мәдени орындары шетелдік саяхатшылардың қызығушылығын тудырады. Қажылар: Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мұсылман әлемінде қасиетті орындардың бірі болып саналады. Бұл жерге жыл сайын көптеген қажылар келеді, бұл трансшекаралық туризмді дамытуға ықпал етеді. Іскер туристер: Аймақтағы экономикалық даму және инфрақұрылымның жақсаруы іскерлік сапарлар санының өсуіне әкеледі. Бұл трансшекаралық туризмнің тағы бір маңызды сегменті болып табылады.

Түркістанның стратегиялық орналасуы, көлік инфрақұрылымының дамуы және бай мәдени мұрасы трансшекаралық туризмді дамытуға үлкен мүмкіндіктер береді. Әуе, теміржол және автомобиль көлігі бағыттарының тиімді пайдаланылуы, сондай-ақ туристердің әртүрлі мақсатты топтарына бағытталған қызметтердің дамуы аймақтың туристік әлеуетін арттыруға ықпал етеді.

Талқылау

Траншекаралық туристердің көпшілігі Түркістанға шекара асып келіп, шектеулі уақытқа аялдайды, сондықтан олар үшін 2–6 сағатқа арналған жедел турларды ұйымдастыру

тиімді болмақ. Мұндай турлар қысқа мерзім ішінде тарихи-мәдени мұраларды көріп шығуға мүмкіндік беріп, шекаралас елдерден келген туристердің сұранысын қанағаттандыра алады [16].

Адамзат қоғамының тарихында кейбір кезеңдер болған, онда ұлы істерге дайын халықтар өздерінің кемел басшыларының жетекшілігімен қысқа мерзім ішінде ғасырлар бойы қол жеткізуге болатын нәтижелерге жеткен. Дәл осындай дәуірлер адамзат тарихына сол халыққа тиесілі ұлы тұлғалардың өшпес есімдерін жазып, әлем мәдениетін байытып, жалпыадамзаттық прогреске баға жетпес үлес қосатыны сөзсіз.

Осындай «Түркістанның сүйенер тауларының бірі» — Саһибқиран Әмір Темір Көреген ибн Әмір Тарағай баһадүр (1336 жылдың 9 қыркүйегінде Шахрисабз қаласының маңындағы қазіргі Яккабоғ ауданындағы Хожа Илғор ауылында дүниеге келген) – Түркістанды моңғол езгісі мен құлдыраудан алып шығып, сыртқы және ішкі қауіп-қатерлерге қарсы халықты біріктірген ірі мемлекет қайраткері, жеңімпаз қолбасшы, орта ғасырлардағы ең ірі мемлекеттердің бірінің билеушісі.

Сол кезеңдегі күрделі жағдайда Әмір Темір өзінің әскери және дипломатиялық қабілетінің арқасында Кеш (Шахрисабз) билеушісі деңгейіне көтерілді. 1370 жылы Темірбек Кештен Балхқа жорық жасап, Әмір Хүсейн әскерлерін жеңді. Қарсыласы өлтірілгеннен кейін оның әйелдерінің бірі – Бибиханымға үйленді. Хан қызына үйленгені үшін Әмір Темір «Көреген», яғни «ханның күйеу баласы» атағын алды. Әмір Темір 27-ден астам елді бағындырып, алып империя құрды. 1404 жылы Самарқандқа оралып, Қытайға жорық жасауға дайындала бастады. 1405 жылы жорығына аттанып, Ташкенттің солтүстік-шығысындағы Отырар қаласында 18 ақпанда ауырып, қайтыс болды.

Темірлер дәуірі – дәл осындай, моңғол шапқыншылығынан азат болған халқымыздың ұлттық данышпандығы ең жоғары шыңына жеткен кезең еді. Бұл кезең – халқымыздың Әмір Темір басшылығымен азаттыққа жетіп, тәуелсіздігін сақтап, оны нығайту жолында атқарған ұлы істерінің көрінісі [17].

Осы деректерге сүйене отырып, екі елді біріктіретін жаңа экскурсиялық тур ұсынуды жөн көреміз. Әмір Темір – ұлы саяси қайраткер, жаулап алушы ретінде Қазақстан мен Өзбекстан тарихында үлкен із қалдырған тұлға.

Экскурсияның технологиялық картасы: «Ұлы қолбасшының жолымен: Әмір Темір мұрасы»

№	Аялда ма	Көрсеті летін нысанд ар	Уақы ты	Тақыр ыпша ларды ң атауы	Ұйымда стыруш ылық нұсқаул ар	Әдістемелік нұсқаулар (нысан туралы маңызды ақпарат)
1-күн (Өзбекстан)						
1	Самарқ анд	Гур- Эмир кесенесі	09:00 - 10:30	Әмір Темір және оның әулеті	Қатысу шылар кесене ішінде тынышт ық сақтауы керек	Бұл Әмір Темірдің мәңгілік мекені. 1404 жылы Әмір Темір өзінің сүйікті немересі Мұхаммед Сұлтанның құрметіне кесене салғызған, бірақ кейін өзі де осы жерде жерленді. Сонымен қатар, Ұлықбек, Шаһрух, Мирзо Улұғбек және басқа да Темір әулетінің өкілдері осында жатыр.

Жалғасы келесі бетте...

2	Сама рқанд	Регистан алаңы	10:45 - 12:00	Ортаға сырлы қ ғылым мен мәдени ет	Гид алаңның үш медресесі н жеке- жеке таныстыр ады	Әмір Темір тұсында Самарқанд Орта Азияның ең дамыған қалаларының бірі болды. Кейін оның немересі Ұлықбек Регистанда ірі ғылыми орталыққа айналған медресе салғызды. Алаңның үш негізгі ғимараты (Шердор, Ұлықбек және Тилля-Кари медреселері) Әмір Темір дәуірінің мәдени мұрасын көрсетеді.
3	Сама рқанд	Бибі- Ханым мешіті	12:15 - 13:00	Әмір Темірдің сәулет өнері	Фотоға түсіруге рұқсат беріледі	Әмір Темірдің ең үлкен мешіттерінің бірі. Аңыз бойынша, бұл мешітті оның сүйікті әйелі Бибі-Ханым салдырған. Бұл құрылыс Темірдің Үндістанға жасаған жорығынан түскен олжалармен қаржыландырылған.
4	Сама рқанд	Шахи- Зинда кесенесі	14:00 - 15:30	Қасиет ті орында р мен дін	Кесене ішіндегі тар өткелдерд е топтасып жүру қажет	Бұл кешенге Әмір Темір ерекше құрметпен қараған. Ол бұл жерде өзінің ең жақын туыстары үшін кесенелер салдырған. Кешеннің ең басты нысаны – Мұхаммед пайғамбардың туысы Құсам ибн Аббас қабірі.
5	Сама рқанд	Ұлықбек обсерват ориясы	16:00 - 17:00	Ортаға сырлы қ астрон омия	Ғылыми зерттеуле рді көрсету	Әмір Темірдің немересі Ұлықбек әлемдегі ең үлкен астрономиялық обсерваториялардың бірін салдырған. Бұл жерде аспан денелерінің қозғалысы зерттеліп, “Ұлықбек зижі” атты ғылыми еңбек жазылған.
6	Шахр исабз	Ақ- Сарай сарайы	19:30 -20:00	Әмір Темірдің билік орталы ғы	Қатысуш ыларға сарайдың қазіргі жағдайы көрсетіле ді	Әмір Темірдің туған жері – Шахрисабз. Ол бұл жерде өзінің ең үлкен сарайларын салдырған. Ақ-Сарай сарайының қақпасында “Егер күшіңе сенсең, онда кел” деген жазу болған. Бұл – оның билігінің символы.
2-күн (Өзбекстан → Қазақстан)						
7	Ташк ент	Әмір Темір алаңы	09:00 - 10:00	Әмір Темір ескертк іштері	Топқа тарихи оқиғалар жайлы ақпарат беріледі	1993 жылы ашылған алаң. Мұнда Әмір Темірдің ат үстіндегі ескерткіші орналасқан. Ол Өзбекстанның ұлттық символдарының бірі.
8	Ташк ент	Темір музейі	10:30 - 11:30	Әмір Темірдің мұрасы	Қатысуш ылар тарихи жәдігерле рді зерттейді	Бұл музейде Әмір Темірдің қару-жарақтары, карталары, жазба деректері, алтынмен қапталған тақ сияқты жәдігерлер сақталған.

Жалғасы келесі бетте...

9	Түркістан	Қожа Ахмет Ясауи кесенесі	14:00 - 15:00	Әмір Темірдің рухани мұрасы	Кесене ішінде тыныштық сақтау қажет	Әмір Темір 1397 жылы бұл кесенені салдырған. Кесене ортағасырлық ислам мәдениетінің ең үлкен архитектуралық ескерткіштерінің бірі.
10	Түркістан	Күлтөбе қалашығы	16:30 - 17:30	Түркі өркениетінің бастауы	Археологиялық аймаққа абайлап қарау қажет	Әмір Темір Түркістан аймағын бақылауда ұстаған. Күлтөбе қалашығы ежелгі түркі өркениетінің орталықтарының бірі болған.
11	Түркістан	Сауран қалашығы	18:00 - 19:30	Ортағасырлық бекіністер	Қатысушылар тарихи ескерткішті қорғауы тиіс	XIV ғасырда Әмір Темір Сауранды өз империясының стратегиялық бекінісі ретінде пайдаланған.
3-күн (Қазақстан)						
12	Отырар	Отырар қалашығы	09:00 - 10:30	Әмір Темір және Отырар	Қатысушылар археологиялық аймаққа абайлап қарауы тиіс	Әмір Темір 1405 жылы Қытайға жорық жасау кезінде Отырарда қайтыс болды.
13	Отырар	Арыстан баб кесенесі	11:00 - 12:00	Дін мен дәстүр	Қатысушылар рухани орынға құрмет көрсетуі керек	Қожа Ахмет Ясаудің ұстазы жерленген. Әмір Темір бұл кесенені қайта салдырған.
<i>Ескерту – бұл кесте авторлармен жасалған</i>						

Бұл маршрут Әмір Темірдің мұрасымен тығыз байланысты. Оның империясының астанасы болған Самарқандта Гур-Эмир кесенесі орналасқан, онда Әмір Темірдің өзі жерленген. Шахрисабз – оның туған қаласы, мұнда билігінің қуатын бейнелейтін Ақ-Сарай сарайының қирандылары сақталған. Ташкент Әмір Темір империясының негізгі орталығы болмағанымен, кейін маңызды қалаға айналды. Түркістан мен Отырар оның жаулап алу тарихымен байланысты: Отырар моңғолдар қиратқан қала ретінде танымал, бірақ кейін қайта жанданды, ал Түркістан Әмір Темір аса құрметтеген Қожа Ахмет Ясауи кесенесімен әйгілі. Маршрут толық сурет 1 көрсетілген.



Сурет 1 – «Ұлы қолбасшының жолымен: Әмір Темір мұрасы» атты экскурсиялық турдың маршруттық картасы

Ескерту – Маршрут авторлармен жасалған

Әмір Темір жолымен жүріп өткен бұл саяхат – тарихқа терең бойлап, ұлы қолбасшының мұрасына жақын болуға тамаша мүмкіндік. Самарқандтан Түркістанға дейінгі бұл бағыт сәулет өнерінің жауһарларымен танысып қана қоймай, Ұлы Жібек жолының маңызды орталықтарын, ғылым мен мәдениеттің гүлденген аймақтарын көруге, сондай-ақ өткен жолды болашаққа танып-білумен өткен тарихи жолды көруге мүмкіндік береді. Бұл сапар – өткеннен тағылым алып, болашаққа бағдар жасаудың жарқын үлгісі.

Самарқанд пен Түркістандағы тарихи ескерткіштер темір дәуірінің даңқы мен көзқарасының жарқын дәлелі. Бүгінде бұл тарихи нысандар өткеннің ескерткіштері ғана емес, Қазақстан мен Өзбекстан халықтарының ортақ мәдени мұрасы болып табылады. Әмір Темір жолының бойында саяхаттау – тарихты танудың ғана емес, ұлы қолбасшының асқақ рухын сезініп, мұрасынан тағылым алудың мүмкіндігі. Бұл мұраны көздің қарашығындай сақтап, келер ұрпаққа аманат ету – ортақ парызымыз.

Түркістан – ежелден сауда-саттықтың ортасы, ынтымақтың ордасы. Сондықтан, Түркістанды облыс орталығына айналдыру – сөзсіз Елбасының ең бір ұтқыр шешімі. Тарихи туризм ошақтары көп облыстың табиғаты әсем, шежірелі өлкелері де жетерлік. Облыстағы ЮНЕСКО-ның мәдени мұралар тізіміне енгізілген Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, көне Отырар, Сауран қалашықтары, Отырар ауданындағы Арыстан баб кесенесі, Бәйдібек би ауданындағы Бәйдібек ата, Домалақ ана кесенелері мен Ақмешіт үңгірі, Түлкібас аудандарының қайталанбас әсем табиғаты, Ақсу-Жабағылы, Қаратау қорықтары, Сайрам- Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі талай саяхатшыларды тамсандырған мекендер.

Түркістан қаласындағы мәдени-тарихи нысандарды дамыту бағытындағы саяхаттың

ендігі мақсаты музейлер мен мәдени орталықтарда жалғаспақ. Мұндай нысан қатарына алдымен осыдан 5 жыл бұрын ашылған «Түркістан тарихи-мәдени этнографиялық орталығын» айтуымызға болады. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында ашылған орталықта ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізіліп, орталық қорындағы тарихи жәдігерлер қоры туристерге көрсетіледі [18].

Түркістан – ғасырлар бойы тарихи-мәдени орталық ретінде танылып келе жатқан киелі мекен. Бүгінде ол тек рухани-тарихи мұрасымен ғана емес, сонымен қатар заманауи ойын-сауық инфрақұрылымымен де ерекшеленетін қалаға айналып келеді. Туризмді дамыту аясында мұнда анимациялық және ойын-сауық нысандары қарқынды дамып, туристер мен жергілікті халыққа ұмытылмас әсер сыйлайтын орындар көбейіп келеді.

Түркістандағы ең көрнекті ойын-сауық орталықтарының бірі – «Керуен Сарай» туристік кешені. Бұл кешен ортағасырлық Шығыс қалаларының атмосферасын сезіндіретін ерекше орын болып табылады. Мұнда келушілер үшін түрлі анимациялық бағдарламалар ұйымдастырылады [19].

Қалада үлкенді-кішілі, арзанды-қымбатты 55 қонақ үй бар. Олар орналасқан орындарына, бағасы мен көрсетілетін қызмет түрлеріне қарай бөлінетіні белгілі. Әзірге бәсекелестік жағынан қаламызда «Hampton by Hilton» қонақ үй кешені, «Rixos Turkestan», «Grand Khanaka», «Silk Way», «Royal Grand», «Karavansaray Kaganat», «Ramada Turkestan», «Эмир Плаза» қонақ үйлері көш бастап тұр. Олар біріншіден, айналасындағы жаңадан салынған әсем көріністермен көз тартса, екіншіден соңғы үлгідегі жоғары дәрежелі қонақ үйлер. Сондай-ақ қаладағы «Hampton by Hilton» қонақ үй кешенінің қызметі де жоғары деңгейде, ол үшін белгіленген құны да аз емес. Тұтынушыларды дәмді тағамы, жанды музыкасы, қаланың ең әсем жерінде орналасқаны үшін қызықтырады. Атап айтсақ, «Әдем», «Евразия», «Алтын ұя» т.б. қонақ үйлер шағын қызметімен, ең бастысы санитарлық-гигиеналық талаптарымен, сыпайы қызмет көрсету персоналымен халық көңілінен шығуда [20].

Қорытынды

Траншекаралық маршруттар Түркістан өңірін халықаралық туристік ағымдарға біріктіруге мүмкіндік береді. Түркістан тек ұлттық деңгейде емес, бүкіл түркітілдес елдер үшін маңызды мәдени және рухани нысан ретінде қарастырылуы қажет. Сондықтан да оның дамуы осы тарихи және мәдени негіздерге сүйеніп жүзеге асырылуы керек. Ішкі маршруттармен салыстырғанда, трансшекаралық бағыттар шекара асып, бірнеше мемлекеттің мәдени мұрасын көрсетуге жағдай жасайды. Бұл халықаралық туризмді дамытуға, елдер арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға және аймақтық экономиканы жандандыруға ықпал етеді [21].

Түркістан қаласы мен Самарқандағы тарихи ескерткіштер – темір дәуірінің даңқы мен өркениетінің жарқын айғағы ғана емес, сонымен қатар Қазақстан мен Өзбекстан халықтарының ортақ рухани-мәдени мұрасы болып табылады. Өмір Темір мұрасы төңірегіндегі тарихи-танымдық бағыттар мен нысандарды тиімді пайдалану трансшекаралық туризмді дамытуда ерекше рөл атқарады. Бұл бағыттағы туризм тек экономикалық тиімділік емес, ұлттар арасындағы мәдени байланысты нығайтудың да құралына айналып отыр [22].

Халықаралық тәжірибе негізінде әзірленген стратегиялық жоспарлар мен мәдени-тарихи нысандарды оңтайлы пайдаланудың нәтижесінде Түркістан қаласы өңірлік қана емес,

халықаралық деңгейдегі трансшекаралық туристік орталыққа айналу мүмкіндігіне ие. Бұл бағыттағы жүйелі жұмыстар қала имиджін қалыптастырып, келер ұрпаққа тарихи мұраны сақтап жеткізу жолында маңызды рөл атқарады. Зерттеу нәтижелері туризм индустриясының даму бағдарламаларын жетілдіру және Түркістанның туристік брендингін қалыптастыру үшін нақты негіз бола алады [23].

Түркістан қаласында «Ұлы қолбасшының жолымен: Әмір Темір мұрасы» атты экскурсия трансшекаралық туризмді дамытуға үлкен үлес қосады. Бұл тур арқылы келушілер тек Қожа Ахмет Ясауи кесенесін ғана емес, Әмір Темірдің маңызды тарихи ескерткіштерімен де танысуға мүмкіндік алады. Қала тұрғындары мен туристердің тарихи мұраға деген қызығушылығын арттыра отырып, бұл бағыт болашақта халықаралық деңгейде танымал болады. Түркістан аймағының туристік әлеуетін кеңейту арқылы қала экономикасының дамуына жаңа серпін беріліп, мәдени құндылықтарды сақтау мен насихаттауға септігін тигізуде.

«Ұлы қолбасшының жолымен: Әмір Темір мұрасы» атты экскурсиялық маршрут бірнеше себепке байланысты өзекті:

– Бұл бағыт нақты туристік ағындарға негізделген. Туристер Қазақстан аумағын трансшекаралық саяхат мақсатында жиі пайдаланады.

– Бағыт бойындағы қалалар тарихи-мәдени мұраға бай, бұл оларды саяхатшылар үшін тартымды етеді.

– Мұндай маршрут аймақтық шағын және орта бизнеске серпін беріп, инфрақұрылымды дамытуға және өңірлік туризмді жандандыруға мүмкіндік жасайды.

Сондықтан бұл маршрут трансшекаралық туризмді дамытуда стратегиялық маңызға ие және оны жүзеге асыру қажеттілігі жоғары.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИТТЕР ТІЗІМІ

1. Тоқаев Қ. Ж. Қазақстан Республикасы Президентінің Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзі. 2025 жылғы 28 қаңтар. – Қолжетімді электрондық ресурс: <https://www.akorda.kz/ru/vystuplenie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-na-rasshirenno-zasedanii-pravitelstva-2801458> (қол жеткізу күні: 28.02.2025).

2. Salouw E., Aji K. B., Tahalea S. P. Cross border tourism: What we can learn so far from eminent scientific publications using bibliometric analysis // International Journal of Sustainable Development and Planning. – 2023. – Vol. 18, № 2. – P. 447–455. – DOI: 10.18280/ijstdp.180214.

3. Мырзахметов М. Түркістан және Ұлы Жібек жолы. – Түркістан, 2018. – 160 б.

4. World Tourism Organization (UNWTO). Glossary of tourism terms [Электрон. ресурс]. – Режим доступа: <https://www.unwto.org/glossary-tourism-terms> (дата обращения: 28.02.2025).

5. Sergeeva A., Abdullina A., Nazarov M., Turdimambetov I., Maxmudov M., Yanchuk S. Development of cross-border tourism in accordance with the principles of sustainable development on the Kazakhstan–Uzbekistan border // Sustainability. – 2022. – Vol. 14. – Article 12734. – DOI: 10.3390/su141912734.

6. Wendt J. A. Directions and areas of tourism research in Kazakhstan // GeoJournal of Tourism and Geosites. – 2020. – Vol. 32, № 4. – P. 1418–1424. – DOI: 10.30892/gtg.32433.

7. Ravshanov Sh., Khursanov D., Malikov B., Eshmamatov E., Abduvaliev K. Identifying transboundary ecotourism zones in Surkhandarya region: Opportunities and prospects // E3S Web

of Conferences. – 2025. – Vol. 633. – Article 07001. – DOI: 10.1051/e3sconf/202563307001.

8. Golysheva E. V. Совершенствование методологии занятости в сфере туризма в Республике Узбекистан // *Iqtisodiy taraqqiyot va tahlil*. – 2024. – Т. 2, № 3. – С. 259–269. – DOI: 10.60078/2992-877X-2024-vol2-iss3-pp259-269.

9. Aldybayev B., Gubarenko A., Imangulova T., Ussubaliyeva S., Abdikarimova M. Popularization of objects of the cultural and historical heritage of the Republic of Kazakhstan as a factor for the development of ethnocultural tourism of the country // *GeoJournal of Tourism and Geosites*. – 2021. – Vol. 39, № 4. – P. 1450–1460. – DOI: 10.30892/gtg.394spl16-789.

10. Биржаков М. Б. Введение в туризм. – СПб.: Герда, 2000. – 352 с.

11. European Commission. Interreg and cross-border cooperation in the EU: Strengthening cohesion and integration [Электрон. ресурс]. – Brussels: EU Publications, 2020. – Режим доступа: https://ec.europa.eu/regional_policy/en/policy/cooperation/european-territorial/cross-border/ (дата обращения: 28.02.2025).

12. Әлімбекова С. Түркістанның туристік әлеуеті және оның даму перспективалары // Халықаралық конференция материалдары. – Нұр-Сұлтан, 2022.

13. Түркістан қаласының 2024 жылғы туристік статистикасы // *New Qazaq* [Электрон. ресурс]. – Режим доступа: <https://newqazaq.kz/105258/> (қол жеткізу күні: 28.02.2025).

14. Jibek Joly туристік пойызы бұл жолы Қазақстан мен Өзбекстанның екі қаласына тоқталады // *ҚазАқпарат* [Электрон. ресурс]. – 2025. – 3 қаңтар. – Режим доступа: <https://kaz.inform.kz/news/jibek-joly-turistk-poyizi-bul-zholi-kazakstan-men-ozbekstannin-ek-kalasina-toktaladi-2f8c59/> (қол жеткізу күні: 03.03.2025).

15. Түркістан халықаралық әуежайының ресми сайты [Электрон. ресурс]. – Режим доступа: <https://www.hsa-airport.kz> (қол жеткізу күні: 28.02.2025).

16. Түркістанның туристік әлеуеті // *Ана тілі* [Электрон. ресурс]. – 2021. – 10 маусым. – Режим доступа: <https://anatili.kazgazeta.kz/news/59288> (қол жеткізу күні: 01.03.2025).

17. Абдиев Ғ., Бөриев О. Темурийлар Ренессанси ва Янги Ўзбекистон // *Temuriy.uz* [Электрон. ресурс]. – Халқаро Амир Темур хайрия жамоат фонди ахборот хизмати. – Режим доступа: <https://temuriy.uz> (қол жеткізу күні: 25.03.2025).

18. Ясауи Қ. А. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі: тарихи шолу. – Түркістан: Yassy-Tur, 2024. – 120 б.

19. Түркістанда туристер тамашалайтын қандай орындар бар // *ҚазАқпарат* [Электрон. ресурс]. – 2023. – Режим доступа: https://kaz.inform.kz/news/turkistanda-turister-tamashalaytyn-kanday-oryndar-bar_a4075984/ (қол жеткізу күні: 25.03.2025).

20. Түркістанда қонақүйлер саны артуда // *SHYNDYQ.KZ* – Ақпараттық порталы [Электрон. ресурс]. – 2024. – 15 қазан. – Режим доступа: <https://shyndyq.kz> (қол жеткізу күні: 25.03.2025).

21. Төлегенов Т. Ж. Туризм және мәдени мұра: Түркістан мен Самарқандтың маңызы. – Ташкент: Мәдениет баспасы, 2015. – 198 б.

22. Байжанов К. Ғ. Түркістан қаласының туристік әлеуеті мен халықаралық транзиттік туризмге ықпалы. – Шымкент: Ғылым баспасы, 2020. – 152 б.

23. Ахметов Б. С. Түркістан қаласындағы туризм дамуы: тарихи мұра мен мәдени әлеует. – Алматы: Қазақстан, 2022. – 174 б.

REFERENCES

1. Tokaev K. ZH. Kazakhstan Respublikasy Prezidentinin Ukimettin kenejtilgen otyrysynda

soilegen sozi. 2025 zhylgy 28 kantar. – Kolzhetimdi elektrondyk resurs: <https://www.akorda.kz/ru/vystuplenie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-na-rasshirennom-zasedanii-pravitelstva-2801458> (kol zhetkizu kyni: 28.02.2025).

2. Salouw E., Aji K. B., Tahalea S. P. Cross border tourism: What we can learn so far from eminent scientific publications using bibliometric analysis // *International Journal of Sustainable Development and Planning*. – 2023. – Vol. 18, № 2. – P. 447–455. – DOI: 10.18280/ijstdp.180214.

3. Myrzahmetov M. Turkistan zhane Uly Zhibek zholy. – Turkistan, 2018. – 160 b.

4. World Tourism Organization (UNWTO). Glossary of tourism terms [Elektron. resurs]. – Rezhim dostupa: <https://www.unwto.org/glossary-tourism-terms> (data obrashcheniya: 28.02.2025).

5. Sergeyeva A., Abdullina A., Nazarov M., Turdimambetov I., Maxmudov M., Yanchuk S. Development of cross-border tourism in accordance with the principles of sustainable development on the Kazakhstan–Uzbekistan border // *Sustainability*. – 2022. – Vol. 14. – Article 12734. – DOI: 10.3390/su141912734.

6. Wendt J. A. Directions and areas of tourism research in Kazakhstan // *GeoJournal of Tourism and Geosites*. – 2020. – Vol. 32, № 4. – P. 1418–1424. – DOI: 10.30892/gtg.32433.

7. Ravshanov Sh., Khursanov D., Malikov B., Eshmamatov E., Abduvaliev K. Identifying transboundary ecotourism zones in Surkhandarya region: Opportunities and prospects // *E3S Web of Conferences*. – 2025. – Vol. 633. – Article 07001. – DOI: 10.1051/e3sconf/202563307001.

8. Golysheva E. V. Sovershenstvovanie metodologii zanyatosti v sfere turizma v Respublike Uzbekistan // *Iqtisodiy taraqqiyot va tahlil*. – 2024. – T. 2, № 3. – S. 259–269. – DOI: 10.60078/2992-877X-2024-vol2-iss3-pp259-269.

9. Aldybayev B., Gubarenko A., Imangulova T., Ussubaliyeva S., Abdikarimova M. Popularization of objects of the cultural and historical heritage of the Republic of Kazakhstan as a factor for the development of ethnocultural tourism of the country // *GeoJournal of Tourism and Geosites*. – 2021. – Vol. 39, № 4. – P. 1450–1460. – DOI: 10.30892/gtg.394spl16-789.

10. Birzhakov M. B. Vvedenie v turizm. – SPb.: Gerda, 2000. – 352 s.

11. European Commission. Interreg and cross-border cooperation in the EU: Strengthening cohesion and integration [Elektron. resurs]. – Brussels: EU Publications, 2020. – Rezhim dostupa: https://ec.europa.eu/regional_policy/en/policy/cooperation/european-territorial/cross-border/ (data obrashcheniya: 28.02.2025).

12. Alimbekova S. Turkistannyn turistik aleueti zhane onyn damu perspektivalary // *Halykaralyk konferenciya materialdary*. – Nur-Sultan, 2022.

13. Turkistan kalasynyn 2024 zhylgy turistik statistikasy // *New Qazaq* [Elektron. resurs]. – Rezhim dostupa: <https://newqazaq.kz/105258/> (kol zhetkizu kyni: 28.02.2025).

14. Jibek Joly turistik pojyzy bul zholy Kazakstan men Ozbekstannyn eki kalasyna toktalady // *KazAkkarat* [Elektron. resurs]. – 2025. – 3 kantar. – Rezhim dostupa: <https://kaz.inform.kz/news/jibek-joly-turistik-poyizi-bul-zholi-kazakstan-men-ozbekstannin-ek-kalasina-toktaladi-2f8c59/> (kol zhetkizu kyni: 03.03.2025).

15. Turkistan halykaralyk auezhajynyn resmi sajty [Elektron. resurs]. – Rezhim dostupa: <https://www.hsa-airport.kz> (kol zhetkizu kyni: 28.02.2025).

16. Tyrkistannyn turistik aleueti // *Ana tili* [Elektron. resurs]. – 2021. – 10 mausym. – Rezhim dostupa: <https://anatili.kazgazeta.kz/news/59288> (kol zhetkizu kyni: 01.03.2025).

17. Abdiev F., Boriev O. Temuriylar Renessansi va YAngi Ўzbekiston // Temuriy.uz [Elektron. resurs]. – Halkaro Amir Temur hajriya zhmoat fondi ahborot hizmati. – Rezhim dostupa: <https://temuriy.uz> (qol zhetkizu kyini: 25.03.2025).
18. YAsau K. A. Qozha Ahmet YAsau kesenesi: tarihi sholu. – Tyrkistan: Yassy-Tur, 2024. – 120 b.
19. Tyrkistanda turister tamashalaytyn kandaj oryndar bar // KazAqparat [Elektron. resurs]. – 2023. – Rezhim dostupa: https://kaz.inform.kz/news/turkistanda-turister-tamashalaytyn-kandaj-oryndar-bar_a4075984/ (qol zhetkizu kyini: 25.03.2025).
20. Tyrkistanda konakyjler sany artuda // SHYNDYQ.KZ – Akparattyk portaly [Elektron. resurs]. – 2024. – 15 qazan. – Rezhim dostupa: <https://shyndyq.kz> (kol zhetkizu kyini: 25.03.2025).
21. Tolegenov T. ZH. Turizm zhane madeni mura: Turkistan men Samarkandtyn manyzy. – Tashkent: Madeniet baspasy, 2015. – 198 b.
22. Bajzhanov K. G. Turkistan kalasynyn turistik aleueti men halykaralyk tranzittik turizmge ykpaly. – SHymkent: Fylym baspasy, 2020. – 152 b.
23. Ahmetov B. S. Turkistan kalasyndagy turizm damuy: tarihi mura men madeni aleuet. – Almaty: Kazakstan, 2022. – 174 b.

Э. НАРБАЕВА Магистр, оқытушы Халықаралық туризм және меймандостық университеті (Қазақстан, Түркістан) e-mail: e.narbaeva@iuth.edu.kz	А. АМАНҒАЗЫЕВА Магистр, оқытушы Халықаралық туризм және меймандостық университеті (Қазақстан, Түркістан) e-mail: a.amangazyeva@iuth.edu.kz
А. ГУБАРЕНКО Қауымдастырылған профессор м.а. Халықаралық туризм және меймандостық университеті (Қазақстан, Түркістан) e-mail: a.gubarenko@iuth.edu.kz	08.02.2025 ж. баспаға түсті 02.06.2025 ж. түзетулермен келді 30.06.2025ж. басып шығаруға қабылданды

E. NARBAYEVA¹✉, A. AMANGAZIEVA¹, A. GUBARENKO¹

¹International University of Tourism and Hospitality
(Kazakhstan, Turkestan), e-mail: e.narbaeva@iuth.edu.kz

A NEW DIRECTION IN CROSS-BORDER TOURISM – THE EXCURSION TOUR “IN THE FOOTSTEPS OF THE GREAT COMMANDER: THE HERITAGE OF AMIR TEMUR”

Abstract. The article explores the development of cross-border tourism in the Republic of Kazakhstan using the city of Turkistan as a case study. The authors analyze the city’s tourism potential and key tourist-excursion sites of interest to both domestic and international visitors. The current state of the city’s tourism infrastructure is examined, and promising directions for the development of cross-border tourism are identified. The article highlights the main challenges facing the cross-border tourism sector and proposes solutions through the optimization of the city’s existing tourism potential. Based on international experience, a strategic plan is proposed for transforming Turkistan into a cross-border tourism hub. The study also considers the historical and cultural features of Turkistan, particularly the significance of Amir Timur’s heritage for both Kazakhstan and neighboring countries. The research findings have practical value for the

development and enhancement of regional tourism programs and for shaping the tourism brand of Turkistan.

Keywords: cross-border tourism, Turkistan, tourism infrastructure, cultural heritage, Silk Road, international tourism, sustainable development.

Э. НАРБАЕВА¹✉, А. АМАНГАЗЫЕВА¹, А. ГУБАРЕНКО¹

¹Международный университет туризма и гостеприимства
(Казахстан, Туркестан), e-mail: e.narbaeva@iuth.edu.kz

**НОВОЕ НАПРАВЛЕНИЕ В ОБЛАСТИ ТРАНСГРАНИЧНОГО ТУРИЗМА –
ЭКСКУРСИОННЫЙ ТУР «ПО СЛЕДАМ ВЕЛИКОГО ПОЛКОВОДЦА: НАСЛЕДИЕ
АМИРА ТИМУРА»**

Аннотация. В статье авторы рассматривают вопросы развития трансграничного туризма в Республике Казахстан на примере города Туркестан. Проанализирован туристический потенциал города и основные туристско-экскурсионные объекты, представляющие интерес для внутренних и иностранных туристов. В ходе исследования изучена современная туристская инфраструктура города и определены перспективные направления развития трансграничного туризма. В статье обозначены основные проблемы в сфере трансграничного туризма и предложены пути их решения за счёт оптимизации существующего туристического потенциала города. На основе анализа международного опыта предложен стратегический план по трансформации города в трансграничный туристический центр. Также рассмотрено значение историко-культурного наследия города Туркестан, в частности наследия Амир Тимура, для двух стран. Результаты исследования имеют практическое значение для разработки и совершенствования региональных программ развития туризма и формирования туристического бренда города Туркестан.

Ключевые слова: трансграничный туризм, Туркестан, туристская инфраструктура, культурное наследие, шелковый путь, международный туризм, устойчивое развитие.